

Табиғат зоналары

Табиғат зоналары дегеніміз не?

- *Табиғат зонасы* - климат жағдайлары, топырақ, өсімдігі жануарлар дүниесі бірдей ендік өңір.
- Табиғат зоналарының ерекшелігі – күн жылуының таралуына (яғни географиялық ендікке) тәуелді.

Ендік зоналылық дегеніміз не?

Климаттық белдеулер сияқты табиғат зоналары да Күн сәулесінің түсу бұрышының азаюы мен ылғалдануының әркелкілігіне байланысты экватордан полюстерге қарай бірін-бірі алмастырады. Осы заңдылықты ендік зоналылық деп атайды.

Биіктік белдеулер дегеніміз не?

Таудағы табиғат кешендері оның етегінен биік шыңдарына дейін температура мен қысымның төмендеуіне, белгілі бір биіктікке дейін жауын-шашын мөлшерінің артуына, тау беткейлері түсетін жарық мөлшерінің әр түрлілігіне байланысты алмасады. Бұл зоналар тауды әр түрлі биіктіктегі белдеулер түрінде көмкере орналасатындықтан, оларды биіктік белдеулер деп атайды.


Табиғат зоналарының(биіктік белдеу) орналасу заңдылықтары:

Тау неғұрлым биік болған сайын табиғат зоналары да көбірек


Экваторға таяу болған сайын, табиғат кешені де алуантүрлі

Таулардағы тау етегінен шыңына дейінгі табиғат зоналары жазықтағы солтүстіктен оңтүстікке қарай ауысуына ұқсайды


Тау етегінде орналасқан табиғат зонасы бірінші болып саналады



90-сурет. Альпінің биіктік белдеулері.




65-сурет. Экваторлық Анд тауларындағы биіктік белдеулер.



42-сурет. Гималайдағы биіктік белдеулер.

Орал тауларындағы табиғи зоналарының сызбасы.



Экваторлық белдеу –

ЫЛҒАЛДЫ ЭКВАТОРЛЫҚ ОРМАН ЗОНАСЫ



Субэкваторлық белдеу –
ауыспалы экваторлық орман зонасы



Субэкваторлық белдеу –
саванна немесе сирек орман зонасы



Тропиктік белдеу – тропиктік шөл зоналары



Субтропиктік белдеу –
**мәңгі жасыл қатты жапырақты орман
зонасы**



Қоңыржай белдеу – **шөл мен шөлейт зоналары**



Қоңыржай белдеу –
дала мен орманды дала зоналары



Қоңыржай белдеу –

**тайга, аралас орман, жалпақ жапырақты
орман зоналары**



Субарктикалық белдеу – **орманды тундра, тундра зоналары**



Арктикалық белдеу – **арктикалық шөл зонасы**

